



БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІН АТТЕСТАТТАУ

ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына** өзгерістер енгізу туралы (жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы**);
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы **2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ**;
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі **№ 338 бұйрығы** (жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің **31.03.2022 № 121**);
- «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы**;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі **№130 бұйрығы**;
- **ҚР БҒМ 07.12.2011 жылғы №514 бұйрығы** «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің **17.08.2022 ж. №371**)
- **«Қарағанды облысы педагогтеріне арналған облыстық олимпиадалар мен конкурстардың тізбесін бекіту туралы»** Қарағанды облысының білім басқармасы басшысының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы **№788 бұйрығы**

ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

педагогтер үшін:

- 1) біліктілік бағалау (**рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады**);
- 2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;
- 3) ПББ және эссе жазу (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда).

Педагогтердің білімін бағалау (бұдан әрі – ПББ) – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім

«ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ
ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

№533 бұйрықтың №1-қосымшасы

БІЛІКТІЛІК БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Педагогтердің біліктілік бағалауын білім беру ұйымдары жүргізеді және аттестаттау қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде баяндалған құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттарды қарауды қамтиды.

Негізгі құжаттар	Қажет қосымша	Қателер
Өтініш	Нысан бойынша жасалады 6-қосымшалар (тағайындау/растау) 15-қосымша (мерзімінен бұрын беру)	✓ Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге өтініш кезекті біліктілік санатын беру нысаны бойынша жасалады
Білімі	білім туралы диплом	✓ Білім туралы Диплом оқытылатын пәнге сәйкес келмейді
	қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса)	
Жұмыс өтілі	жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек кітапшасының көшірмесі немесе еңбек шартының көшірмесі, жұмысқа қабылдау туралы бұйрық)	✓ Еңбек кітапшасында білім беру ұйымына жұмысқа орналасу туралы жазба жоқ

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі:

«ПЕДАГОГ-ТАҒЫЛЫМДАМАШЫ» біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскен, сондай-ақ, білім беру ұйымдарында педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына орналасуға конкурс жарияланғанға дейін соңғы бес жыл ішінде педагогикалық (оқытушылық) қызметті жүзеге асырмаған, Ұлттық біліктілік тестілеуінен табысты өткен тұлғалар

«Педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 142192 болып тіркелген) сәйкес педагог кәсібіне кіріспе бағдарламасы аяқталғанға дейін бір оқу жылына беріледі.

Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламасы аяқталғаннан кейін педагог-тағылымдамашы қызмет нәтижелері туралы есеп дайындайды, сабақтарды көрсетеді, талдайды, (Lesson Study) лессон стади сабаққа зерттеу жүргізеді, (Action Research) экшн-рисерч әдісін қолданады. Педагог-тәлімгер бағдарлама нәтижелері бойынша педагог-тағылымдамашыға ұсыныс дайындайды.

Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламаны аяқтау және педагог-тәлімгердің оң ұсынымы қорытындысы бойынша білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі педагог-тағылымдамашыға "ПЕДАГОГ" біліктілік санатын беру туралы шешім шығарады.

Біліктілік санатын бергеннен кейін педагогпен бір күнтізбелік жылға еңбек шарты жасалады.

Кейінгі еңбек қатынастары еңбек заңнамасы шеңберінде ресімделеді.

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі:

«ПЕДАГОГ» біліктілік санатына:

- тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, "педагог-тағылымдамашы" санатына қойылатын талаптарға сәйкес келетін және тиісті бейін бойынша кемінде **1 жыл педагогикалық өтілі бар** адамдар;
- тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен адамдар, бастапқыда **"педагог-тағылымдамашы"** санатын беруге ұсынылатын, **Ұлттық біліктілік тестілеуінен сәтті өткен адамдарды** қоспағанда, оның ішінде:
 - педагогикалық лауазымдағы жұмысын қайта бастаған (тиісті бейін бойынша жалпы **педагогикалық өтілі 1 жылдан кем емес 5 жылдан** аспайтын педагогикалық лауазымға қайта бастау мерзімі) және біліктілік санаты жоқ;
 - білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беру басқармасы органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары оқу орындарынан ауысқан;
 - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болған;
 - тиісті бейін бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген;
 - тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, **білім беру ұйымдарына педагог ретінде 2022 жылғы 1 қаңтарды қоса** алғандағы мерзімде қабылданған, біліктілік санаты жоқ адамдар;
 - қосымша білім беру жүйесінде 5 және одан да көп жыл кәсіби өтілі бар адамдар.

ТжәнеКОБКББҰ үшін:

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және бейіні бойынша кемінде 2 жыл өндірістік өтілі бар өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына алғаш рет педагогикалық қызметке кіріскен педагогтер **Ұлттық біліктілік тестілеуінен өтпестен «педагог» біліктілік санатын алады**

«Педагог» санатына үміткер педагогтер № 338

бұйрыққа немесе кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келуі және мынадай кәсіптік құзыреттерге сәйкес келуі тиіс:

оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгерген, цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

Сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экшн-рисерч әдісін қолданады;

"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканың негізгі нормаларын сақтайды;

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі:

«ПЕДАГОГ-МОДЕРАТОР» біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

- **«педагог»** біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:
- оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;
- кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;
- Сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лексон стади, (Action Research) экшн ресёрч әдісін қолданады;
- сабақ рефлексиясын жүргізеді, өткізілген сабақтарға әріптестерінің оң пікірлеріне ие;

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі:

«ПЕДАГОГ-САРАПШЫ» біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

- "педагог-модератор" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:
- ұйымдастырылған оқу қызметін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгерген;
- өзінің және білім беру ұйымы деңгейінде әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын сындарлы анықтайды;
- кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;
- Сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экшн ресёрч әдісін қолданады;
- сабақтар рефлексиясын жүргізеді, өткізген сабақтарына әдіскерлер мен педагогтердің оң пікірлерінің бар болуы;

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі:

"ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

- "педагог-сарапшы" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:
- сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгерген;
- білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;
- облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);
- кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;
- "Үздік педагог" атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады;
- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), облыстың деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта конструктивті даму стратегиясын айқындайды, тәлімгерлікті жүзеге асырады (бар болған жағдайда);
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы) "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда);
- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;
- аудан/қала/облыс деңгейінде сабақтарды көрсетеді, өткізілген сабақтарына педагогтер мен әдіскерлердің оң пікірлерінің бар болуы;
- Сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади (Action Research) экшн-рисёрч әдісін қолданады;
- сабақтар рефлексиясын жүргізеді, басқа мұғалімдердің сабақтарын талдайды;
- аудандық/қалалық/облыстық және (немесе) республикалық деңгейлерде (бар болған жағдайда) педагогтер үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ (РАСТАУ) ТӘРТІБІ

Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі:

«ПЕДАГОГ-ШЕБЕР» біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, келесі кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде алты жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

- "педагог-зерттеуші" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:
- білім беру ұйымдарында іске асырылған және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған үздік педагогикалық практикалар мен әзірлемелерді енгізеді немесе бағдарламаларды әзірлейді,
- немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады,
- немесе уорлд скилс (WorldSkills) (кәсіби шеберлік конкурсы) халықаралық чемпионаттарының сарапшысы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша тренер болып табылады;
- республикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындады;
- "Үздік педагог" атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады;
- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;
- тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды (болған жағдайда);
- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда);
- республика деңгейінде тәжірибе таратады, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;
- сабақты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экшн-рисерч әдісін қолданады;
- өз шешімдері мен іс-әрекеттерін басқаруды, түзетуді және бағалауды біледі;
- облыстық/республикалық деңгейлерде сабақтарды көрсетеді, сабақтар рефлексиясын жүргізеді, өткізген сабақтарына педагогтер мен әдіскерлердің оң пікірлерінің бар болуы;
- педагогтерге арналған республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлердегі семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады (бар болған жағдайда).



Біліктілік санатын беруге (растауға) білім беру ұйымы педагогінің портфолиосын бағалау өлшемшарттары

Біліктілік санаты				
Бағалау өлшемшарттары	ПЕДАГОГ - МОДЕРАТОР	ПЕДАГОГ - САРАПШЫ	ПЕДАГОГ - ЗЕРТТЕУШІ	ПЕДАГОГ - ШЕБЕР
Оқыту сапасы	сабақты талдау			
	ағымдағы жылы кемінде 2	ағымдағы жылы кемінде 3	ағымдағы жылы кемінде 3	ағымдағы жылы кемінде 4
Сабақты зерттеу және инновациялық әдістерді қолдану	сабақтың өзара және өзін-өзі талдауының болуы			
	кемінде 3	кемінде 4	кемінде 5	кемінде 6
Сабақты бақылау нәтижелері	әріптестердің, әдіскерлердің, басшылардың, басшының орынбасарларының, ата-аналардың пікірлері			
	кемінде 3	кемінде 4	кемінде 5	кемінде 6
Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес конкурстарда немесе олимпиадаларда немесе жарыстарда білім алушылардың жетістіктері	Жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы			
	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық немесе халықаралық деңгей
Уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес кәсіби конкурстарда немесе олимпиадаларда педагогтің жетістіктері	Жеңімпаз немесе жүлдегер немесе қатысушы			
	Аудан/қала деңгейі (бар болса)	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі (бар болса)	Облыстың/ республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі (бар болса)	Республикалық немесе халықаралық деңгей (бар болса)
Педагогикалық тәжірибені жалпылау немесе үздік педагогикалық тәжірибелер мен әзірлемелерді енгізу немесе білім беру ұйымдарында іске асырылған әзірленген бағдарламаларды ұсыну	семинарларда, конференцияларда, форумдарда сөз сөйлеу			
	-	-	облыс/қала деңгейінде (сілтемелер) немесе әдістемелік материалдарды әзірлеу (тиісті деңгейдегі оқу-әдістемелік кеңестің шешімі (білім басқармасы жанынан) ұсынылады	республика деңгейінде (халықаралық) (сілтемелер) немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесті мақұлдау
білім беру ұйымдарындағы арнаулы педагогтер, арнаулы сыныптар (топтар) педагогтері үшін				
Жеке дамыту бағдарламасын іске асыру сапасы (ПМПК педагогтерін қоспағанда)	Баланың даму динамикасы			
	15% (балалар)	20% (балалар)	30% (балалар)	40% (балалар)

Осы Қағидаларға 31 қосымшаға сәйкес педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің болуы



Біліктілік санатын беруге (растауға) білім беру ұйымдары әдіскерлерінің портфолиосын бағалау өлшемшарттары

Біліктілік санаты				
Бағалау өлшемшарттары	ПЕДАГОГ - МОДЕРАТОР	ПЕДАГОГ - САРАПШЫ	ПЕДАГОГ - ЗЕРТТЕУШІ	ПЕДАГОГ - ШЕБЕР
Тиісті деңгейдегі оқу-әдістемелік кеңес мақұлдаған әзірленген бағдарламалардың немесе әдістемелік құралдардың немесе ұсынымдардың немесе оқу-әдістемелік кешендердің авторы/тең авторы		1-ден кем емес (облыстық деңгей)	2-ден кем емес (облыстық деңгей)	2-ден кем емес (республикалық немесе халықаралық деңгей)
Ғылыми-практикалық конференцияларда немесе семинарларда немесе форумдарда жарияланымдар, баяндамалар	кемінде 2	кемінде 3	4-тен кем емес, оның ішінде 2-республикалық деңгейден кем емес	Кемінде 5, оның ішінде кемінде 3-республикалық, халықаралық деңгейде
Соңғы үш жылдағы мұғалімдердің сабақтарын бақылау	Сабақтарды бақылау парақтары			
	кемінде 5	кемінде 10	кемінде 15	кемінде 20
Жобаларға, зерттеу немесе инновациялық немесе эксперименттік қызметке қатысу (эксперименттік/инновациялық алаңның қызметін ұйымдастыру және үйлестіру, зерттеулер жүргізу, жобаларға рецензиялау (әдістемелік, дипломдық және т. б.)	Білім беру ұйымының басшысы қол қойған аралық/қорытынды нәтижелерді ұсынумен қатысу туралы анықтама; рецензиялардың көшірмелері			
Жұмыс топтарына немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға/қазылар алқасына қатысу	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық деңгей

Осы Қағидаларға 31 қосымшаға сәйкес педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің болуы

Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

ПЕДАГОГ- МОДЕРАТОР

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан кейін **екі жыл өткен соң** жол беріледі.

**«ПЕДАГОГ-
МОДЕРАТОР»**
біліктілік санатын
мерзімінен бұрын
беруге педагогтер
кемінде мынадай
ЕКІ талапқа сәйкес
болған жағдайда
қатысады

- пәнді ағылшын тілінде оқыту құқығымен жоғары оқу орнын бітірген, ағылшын тілін C1 деңгейінен төмен емес (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) білетіндігін растайтын сертификаты (куәлігі) бар немесе ғылыми-педагогикалық бейіні бойынша "магистр" академиялық дәрежесі берілген дипломы бар адамдар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық/республикалық маңызы бар қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

ПЕДАГОГ-САРАПШЫ

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан кейін **екі жыл өткен соң** жол беріледі.

«ПЕДАГОГ-САРАПШЫ»

біліктілік санатын
мерзімінен бұрын алуға
мынадай талаптардың
кемінде

ТӨРТЕУІНЕ сәйкес
келетін педагогтер
қатысады

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;
- аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;
- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;
- ағылшын тілін C1 (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) деңгейінен төмен емес деңгейде меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;
- жоғары оқу орнынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар адамдар;
- бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;
- бейіні бойынша ең жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері;
- Уорлд скилс (WorldSkills) облыстық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан кейін **екі жыл өткен соң** жол беріледі.

«ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ»

біліктілік санатын
мерзімінен бұрын алуға
мынадай талаптардың
кемінде

БЕСЕУІНЕ сәйкес
келетін педагогтер
қатысады (осы
тармақтың бесінші
абзацында көрсетілген
адамдарды
қоспағанда):

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;
- Уорлд скилс (WorldSkills) республикалық немесе халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған тұлғалар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген, басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатын адамдар;
- облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;
- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;
- ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

ПЕДАГОГ-ШЕБЕР

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан кейін **екі жыл өткен соң** жол беріледі.

«ПЕДАГОГ-ШЕБЕР»

біліктілік санатын
мерзімінен бұрын алуға
мынадай талаптардың
кемінде
АЛТАУЫНА сәйкес
келетін педагогтер
қатысады:

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болып табылатын тұлғалар;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте, Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданып, білім беру ұйымдарында іске асырылған бағдарламалар немесе әзірлемелер мен үздік педагогикалық тәжірибелер енгізген тұлғалар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатындар;
- Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;
- ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;
- Уорлд скилс (WorldSkills) халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

30 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагогтер

Жасы бойынша зейнетақыға дейін төрт жылдан аспайтын педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы бұйрықты білім беру ұйымының басшысы шығарады. Бұйрықтың күші зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер аттестаттау рәсімінен жалпы негіздерде өтеді. (Аттестация ережесінің 50 б.)

30 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагог мамандығы бойынша	Біліктілік санатын беруге (растауға)	Біліктілік санат	ПББ	қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау
	растау	Жаңа жүйе бойынша	-	+
	жоғарлату	Жаңа жүйе бойынша	жалпы негіздерде өтеді	
	«ПЕДАГОГ-МОДЕРАТОР» біліктіліктік салатына өту	Ескі жүйе бойынша	-	+
	«ПЕДАГОГ-САРАПШЫ», «ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ», «ПЕДАГОГ-ШЕБЕР» біліктілік санатын алған жағдайда	Ескі жүйе бойынша	жалпы негіздерде өтеді	

- Бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.
- Біліктілік санатын арттыру кезінде жалпы негізде өтеді.
- Ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.
- "Педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу мерзімдері

Педагогтерді аттестаттау "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір реттен сиретпей өткізіледі.

Тиісті деңгейдегі Комиссия аттестатталушының құжаттарын жылына **екі рет** (тиісінше ағымдағы жылғы 5 мамырға және 5 қарашаға дейін) немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде қарайды.

- Педагог **тамыз-желтоқсан** (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін өтінішті уақытылы бермеген жағдайда, біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі **тамыз-желтоқсан** (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.
- Келесі аттестаттау кезеңінде педагог **№338 бұйрығымен** немесе кәсіптік стандартпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.
- "Екінші", "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагог қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезеңінде өтініш берілген санатқа балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі бір деңгейге төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.
- Келесі аттестаттау кезеңінде педагог №338 бұйрықпен немесе кәсіптік стандартпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

Жұмыс орнын ауыстыру кезінде біліктілік санатын сақтау

Қазақстан Республикасының шегінде педагогикалық салада тиісті мамандық бойынша жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде педагогтердің (басшылардың, басшы орынбасарларының, әдіскерлердің) **бар біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.**

Білім беру ұйымынан тиісті пән бойынша әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымдарға немесе білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардан ауысқан кезде педагогтің бар **"педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады (теңестіріледі).**

Педагог (оқытушы) лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты әдіскер лауазымына қолданылады.

Әдіскер лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты педагог (оқытушы) лауазымына қолданылады.

Аттестаттауға және біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

6;15 қосымшалары

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
6-қосымша
Тиісті деңгейдегі аттестаттау
комиссиясының төрағасына

Аттестаттауға және біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

Мен, _____, ЖСН _____,

(педагогтің Т.А.Ө. (болған жағдайда)

_____ (лауазымы, жұмыс орны, электрондық поштасы)

_____ лауазымы (мамандығы) бойынша) 20 ____
жылы _____ біліктілік санатына қатысуға рұқсат беруіңізді
сұраймын.

Бүгінгі таңда ____ (күні) ____ (айы) _____ жылғы дейін жарамды

_____ біліктілік санатына иемін.

Келесі жұмыс нәтижелерін негіз деп санаймын:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Жұмыс етілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша	Педагогикалық	Осы бітім беру ұйымында

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған
(берілген) _____ жылын _____ көрсете отырып

Педагог жұмыс істейтін білім беру ұйымының атауы:

Біліктілік санатын кезекті беруді (растауды) тәртібімен таныстым.

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____

(қолы)

6 қосымша

Аттестаттауға және
біліктілік санатын
беру (растау)
рәсіміне қатысуға
өтініш

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
15-қосымша
Тиісті деңгейдегі аттестаттау
комиссиясының төрағасына

Аттестаттауға және біліктілік санатын мерзімнен бұрын алуға қатысуға өтініш

Мен, _____,

(педагогтің Т.А.Ө. (болған жағдайда)

ЖСН _____,

(лауазымы, жұмыс орны, электрондық поштасы)

20 ____ жылы біліктілік санатын мерзімінен бұрын беру рәсіміне

қатысуға _____ біліктілік санатына жіберуді сұраймын,

_____ лауазымы (мамандығы) бойынша.

Бүгінгі таңда ____ (күні) ____ (айы) _____ жылғы дейін жарамды

_____ біліктілік санатына иемін.

Мен келесі жұмыс нәтижелерін негіз деп санаймын:

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Жұмыс етілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша	Педагогикалық	Осы бітім беру ұйымында

Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы
алған _____ (растаған) _____ жылын _____ көрсете отырып

Педагог жұмыс істейтін білім беру ұйымының атауы:

Біліктілік санатын мерзімнен бұрын жүргізу тәртібімен таныстым.

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____

(қолы)

15 қосымша

Аттестаттауға
және біліктілік
санатын мерзімнен
бұрын алуға
қатысуға өтініш

САБАҚТАРДЫ БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ

9-қосымша

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына 9-қосымша		
Сабақтарды бақылау парағы		
Педагогтің ТАӨ (бар болғанда)	Бақылаушының	ТАӨ (бар болғанда)
Мектеп/сынып	Мерзім	Сабақ жоспары ұсынылды Иә /Жоқ
Сабақ түрі: жаңа материалмен танысу сабағы оқығанды бекіту сабағы білім мен дағдыларды қолдану сабағы білімді жалпылау және жүйелеу сабағы білім мен дағдыларды тексеру және түзету сабағы аралас сабақ зерттеу сабағы (Lesson Study (Лессон стади) циклыарынан)	Комментарийлер:	
МЖМБС оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		
Сабақтың мақсаттары:		
Бақылау өлшемшарттары	Көрсеткіштер Иә /Жоқ	Бақылаушының пікірлері
Сабақтың мақсаттары: Оқытудың нақты мақсаттарын айқындайды және білім алушыларға / тәрбиеленушілерге оларды бағалау өлшемдерін ұсынады		
Сабақтың мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес келеді		
Педагог білім алушыларды сабақ мақсаттарын және күтілетін нәтижелерді қоюға тартады		
Күтілетін нәтижелер:		
Оқу мақсаттарына сәйкес келеді		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескереді		
Зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған		
Бағалау:		
Формативті бағалау арқылы білім алушылардың/тәрбиеленушілердің оқу мақсаттарына қатысты қызметінің нәтижесін бақылайды		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жетістіктерін атап өтеді		
Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді бағалау процесіне тартады: өзін-өзі бағалау және өзара бағалау		
Сыныптағы тәртіп пен тәртіп ережелері:		
Сыныпта/топта тәртіп пен тәртіп ережелерін белгілейді		
Білім алушыларға/тәрбиеленушілерге сыныпта/топта оқу кеңістігін қамтамасыз етеді		
Сабақта білім алушылардың/тәрбиеленушілердің тиімді өзара іс-қимылын құру		
Алдын ала білім:		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жаңа материал туралы бұрыннан бар білімдерін анықтайды		
Оқушылармен/ тәрбиеленушілермен өткен материалды қайталайды		
Жаңа материалды зерттеу:		

Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің назарын оқу материалының маңызды сегменттеріне аудара отырып, маңызды ақпаратты айқындайды		
Жаңа материалды игеруге ықпал ететін сабақта / сабақта жұмыстың әртүрлі формаларын қолданады: топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке		
Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқу ресурстарымен және кешенді тапсырмаларды орындау жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді		
Материалдың мазмұны бойынша рефлексия жүргізеді		
Жаңа білімді практикада қолдану:		
Тәжірибе арқылы дағдыларды дамытады		
Білім алушыларға/тәрбиеленушілерге олардың дағдыларын дамыту және практикалық қолдану үшін белсенді тапсырмалар береді		
Білім алушыларды / тәрбиеленушілерді оқу қызметіне тарту:		
Оқушылардың/тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетіне қызығушылығы мен қатысуын қолдау үшін жұмыстың әртүрлі түрлері мен формаларын қолданады		
Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қатысу дәрежесін қадағалайды		
Білім алушылардың / тәрбиеленушілердің сауалнама процесіне қатысуын қолдау үшін сауалнаманың әртүрлі түрлерін пайдаланады		
Оқушылардың/тәрбиеленушілердің қатысуын қамтамасыз ету үшін дене белсенділігі мен сынып/топ кеңістігін пайдаланады		
Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді тарту үшін сабақ барысының жігерлі қарқынын қолдайды		
Тұлғаға бағытталған тәсілді қолданады		
Сараланған тәсіл:		
Оқу мақсаттарына қол жеткізу бойынша барлық білім алушыларға/тәрбиеленушілерге қолдау көрсетеді		
Үлгерімі төмен білім алушыларды / тәрбиеленушілерді тартады		
АКТ және ресурстарды пайдалану:		
білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады		
өзінің цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады		
білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің бірлескен жұмысы үшін желілік ресурстарды ақпымдырады		
Қосымша бақылау элементтері:		
Кері байланыс және ұсыныстар:		



Ескерту: ақпараттық жүйеде барлық құжаттар педагог бейінінде қаралады.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
31-қосымша

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді

білім беру ұйымының

атауы

20 ____ ж. " ____ " _____

Төрағасы – Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Хатшы – Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Қатысқандар: _____ адам.

Күн тәртібі:

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы

Тыңдалды:

"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) үміткер педагог (педагогтер) туралы қысқаша ақпарат.

Шешім:

Біліктілік санатын беруге (растауға) ұсынылады

Біліктілік санатын беруге (растауға) ұсынылмайды

Ескертпе:

Педагогикалық кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады. Шешімге қарамастан педагог біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысуды жалғастырады. Соңғы шешімді тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы қабылдайды.



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 30 желтоқсан
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 788
город Караганда

№788 бұйрық

Қарағанды облысы
педагогтеріне арналған
облыстық олимпиадалар мен
байқаулардың тізбесін бекіту туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Қарағанды облысының педагогтеріне арналған облыстық олимпиадалар мен конкурстардың тізбесі бекітілсін.

2. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы (Б.Х.Абдикерова), білім беру бөлімдерінің және ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттау кезінде қосымшаға сәйкес Қарағанды облысының

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және олар іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы Қазақстан Республикасының министрінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 7355 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.08.2022 № 371 (алғашқы ресми жарияланған күні қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 Заңының 5-бабы 29-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отыр:

1) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және хал олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жары орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарын спорттық жарыстардың тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және хал олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жары орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарын спорттық жарыстардың тізбесіне іріктеу өлшемшарттары осы бұй қосымшаға сәйкес.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.08.2022 № 371 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданыс енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А.Жонтаева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралы құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н.Сағ жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмаев

Ескерту. Жоғарғы он жақ бұрышы жана редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.08.2022 № 371 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесі


Ескерту. Тізбе жана редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 25.05.2021 № 232 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1- тарау. Республикалық және халықаралық олимпиадалар 1- параграф. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар:

№	Халықаралық олимпиадалар атауы
1	Математикадан халықаралық олимпиадасы (IMO);
2	Физикадан халықаралық олимпиадасы (IPhO);
3	Химиядан халықаралық олимпиадасы (IChO);
4	Биологиядан халықаралық олимпиадасы (IBO);
5	Географиядан халықаралық олимпиадасы (IGEO);
6	Информатикадан халықаралық олимпиадасы (IOI);
7	Лингвистикадан халықаралық олимпиадасы (IOL);
8	Астрономия және астрофизикадан халықаралық олимпиадасы (IOAA);
9	Астрономиядан халықаралық олимпиадасы (IAO);
10	Философиядан халықаралық олимпиадасы (IPO);
11	Экономикадан халықаралық олимпиадасы (IEO);
12	Математикадан Балқан олимпиадасы (BMO);
13	Жасөспірімдер арасындағы математикадан Балқан олимпиадасы (JBMO);
14	Математикадан Батыс - Қытай олимпиадасы;
15	Қыштықтан Азия-Тынық мұхиты математикадан халықаралық олимпиадасы;
16	Математикадан халықаралық "Жібек жолы" олимпиадасы;
17	Мамияландырылған мектеп оқушыларына арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы;
18	Жасөспірімдер арасындағы халықаралық жаратылыстану-ғылыми олимпиадасы (IJSO);
19	Оқушылардың химиядан халықаралық Менделеев олимпиадасы;
20	Қазақ тілі мен әдебиетінен қазақ диаспораларына арналған "Қазақстан – ата жеріміз, қасиетіміз ана тілім" халықаралық олимпиадасы;
21	Математика, информатика, физика және химия пәндері бойынша "Туынзала" халықаралық олимпиадасы (Саға Республикасы, Якутия);
22	Физикадан Азия олимпиадасы (APHO);
23	"Таланттарды даярлау зертханасы" жобасы аясында физика, химия және математика пәндері бойынша оқушылардың халықаралық олимпиадасы;



Аттестация педагогов: категории модератор, эксперт, исследователь



Цели аттестации педагогов

1

Определение уровня профессиональной компетентности педагога

2

Подтверждение/присвоение квалификационной категории

3

Мотивирование педагогов к развитию и росту


4

Повышение качества образования

Аттестация — это не просто формальность, а ключевой инструмент для повышения квалификации и эффективности работы каждого педагога, что в конечном итоге улучшает образовательный процесс для учащихся.

Общие положения аттестации

- Аттестация проводится не реже 1 раза в 5 лет
- Проводится через **Нац. платформу "Ўстаз"** и портал **eGov**
- Состоит из:
 - Квалификационной оценки (портфолио)
 - Оценки знаний педагогов (ОЗП)
 - Комплексного обобщения результатов деятельности



Важно: Все процедуры регулируются согласно Приложению 12 к соответствующему нормативному акту. Ознакомьтесь с ним для полного понимания деталей.



Категория «Педагог-модератор»

1

Требования:

- Стаж не менее **2 лет**
- Планирование и проведение уроков с учетом особенностей учащихся
- Разработка учебно-методических материалов
- Участие в школьных олимпиадах, конкурсах
- Анализ собственной практики и практики коллег

2

Категория «Педагог-эксперт»

Требования:

- Выполняет все функции «модератора»
- Применяет межпредметные связи
- Осуществляет методическую поддержку коллег (район/город)
- Разработка материалов, рекомендованных районо
- Участие в конкурсах и соревнованиях районного/городского уровня
- Участие в конкурсах профмастерства

Категория «Педагог-исследователь»

3

Требования:

- Выполняет функции «эксперта»
- Использует авторские технологии и стратегии оценивания
- Проводит исследование уроков с коллегами
- Транслирует опыт на уровне области/столицы/республики
- Разрабатывает методические материалы, рекомендованные обл. УМС или Республиканским советом
- Участие в областных и республиканских конкурсах профмастерства и олимпиадах

Важные правила и ответственность

Оценка знаний педагогов (ОЗП)

Модератор – порог **60%**

Эксперт – **70%**

Исследователь – **80%**

Продолжительность: 80–125 минут
(по предмету)

Формат: тестирование

Портфолио и эссе

Портфолио формируется через
платформу "Ўстаз"

Включает: документы, достижения,
опыт, результаты учащихся

Эссе: 250–300 слов (тема ежегодно
утверждается МОН)

Принцип академической честности

Итог

Аттестация – это возможность
профессионального роста

Движение по категориям: **модератор**
→ **эксперт** → **исследователь** →
мастер

Важно готовиться системно:
портфолио, достижения, публикации,
участие в конкурсах

Сроки подачи документов

- Заявление подаётся в сроки, определённые уполномоченным органом в области образования.
- **Приём заявлений** – через:
 - Национальную платформу «Үстаз» (для категорий *модератор, эксперт*)
 - Портал eGov (для категорий *исследователь, мастер и руководящие должности*).
- Заявление и документы регистрируются в течение **1 рабочего дня** после подачи.
- **Комплексное аналитическое обобщение результатов деятельности (портфолио)** проводится с января по август текущего учебного года.



Кто освобождён от аттестации

Педагоги, **до пенсии у которых остаётся ≤ 4 лет** – категория сохраняется до выхода на пенсию.

Педагоги со стажем ≥ 30 лет, подтверждающие ранее присвоенную категорию.

При подтверждении категорий **«исследователь»** и **«мастер»** – не более **2 раз подряд**.

При присвоении «модератора» педагогам, ранее имевшим **первую или высшую категорию**.

У кого продлевается (сохраняется) категория

Срок действия приостанавливается и сохраняется до **2 лет** в случаях:

Временная нетрудоспособность (соц. значимые заболевания).

Отпуск по беременности и родам, отпуск по уходу за ребёнком до 3 лет.

Получение послевузовского образования или стажировка с отрывом от работы.

Прохождение воинской службы.

Переход педагога в другую организацию образования или методический кабинет.

Спасибо за внимание

